

Екібастұз - Бесқауға және Екібастұз - Майқайың автомобиль жолдарындағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

Күші жойған

Павлодар облысы Екібастұз қаласы әкімінің 2015 жылғы 10 сәуірдегі № 4 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 24 сәуірде № 4442 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қаласы әкімінің 2015 жылғы 05 тамыздағы N 6 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қаласы әкімінің 05.08.2015 N 6 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 4-бабы 5-тармағының 3) тармақшасы мен 48-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" № 756 қаулысына сәйкес, **ШЕШІМ** қабылдаймын:

Екібастұз - Бесқауға және Екібастұз - Майқайың автомобиль жолдарындағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

Азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің аумақтық кіші жүйесінің жоғарыда көрсетілген автомобиль жолдарының жұмыс істеуіне төтенше жағдай режимі енгізілсін.

Осы шешімнің орындалуын бақылау Екібастұз қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Осы шешім қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Екібастұз қаласының әкімі

А. Вербняк